ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 қазан № 4360-25-00-2/2530 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Мүгедектерге арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Қуанышбекова» атауымен әрекет етуші Толқын Ағабекқызы Қуанышбекова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Мүгедектерге арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Қуанышбекова» атауымен әрекет етуші Толқын Ағабекқызы Қуанышбекова жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Қуанышбекова» атауымен әрекет етуші Толқын Ағабекқызы Қуанышбекова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Қуанышбекова» атауымен әрекет етуші Толқын Ағабекқызы Қуанышбекова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Анықтама: шешім заңды күшіне 2025 жылғы 9 желтоқсанда енді.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 28.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.12.2025, судья Жусупов Т. К., 10.12.2025

4360-25-3-1/2629